



EGEMEN QAZAQSTAN

Америка асқан алғашқы қазақтар – соғыс тұтқыны болған Мұхтар Қарабай АҚШ-қа қалай барды?



Суретте: (солдан оңға қарай) Күнтузған Байзелбек, Рәбия Қарабай, Мұхтар Қарабай және Рәбияның бауыры. Нью-Йорк, 1994 жыл.

2019 жылғы 9 маусым, Нью-Йорк қаласы, Бруклин ауданы. Күн ашық, түс қайтқан уақыт, температура 20 градус шамасында. Метро станциясынан жиырма минут жаяу жүріп бір жер үйге жеттік. Ескертусіз келдік, үйде кісінің бар-жоғын білмейміз. Бірақ ойлаған адаммен кездесек, жолға кеткен екі сағат уақыт еселеп ақталатындай. Биіктігі белден аспайтын темір қақпаны ашып, аулаға кірдік. Кірпіштен соғылған бір қабатты ескілеу үй екен. Есігін қақтық. Өмірі көрмеген адамның үйі, арғы атамызды көретіндей толқып тұрмыз. Ешкім шықпады. Үн жоқ. Он минут кідіріп, қайтуға оқталғанда, үй ішінен жетек арбаға сүйенген әжей шықты.

– Рәбия Қарабай деген сіз бе? – деп сұрадым ағылшын тілінде.

Әжей басын изеп, кімсіңдер дегендей ишара білдірді. Қорқыңқырап тұрғаны байқалды, есікті ашпады, терезе арқылы сөйлесіп тұрмыз. Жартылай қазақ тілінде, жартылай ағылшын тілінде кім екенімізді, не үшін келгенімізді айттым.

– Ноу англиш, ноу қазақ, онли түркиш, – деді Рәбия әжей. Біз сөйлеген ағылшын және қазақ тілдерін білмейтінін, тек түрік тілінде сөйлейтінін айтып тұр.

Бұл әже екінші дүниежүзілік соғыста тұтқындалып, босапшыққан соң елге оралмастан Америкадан бір-ақ шыққан Мұхтар Қарабайдың жары еді. Мұхтар ақсақал туралы алғаш рет тарихшы, диаспоролог Гүлнәр Меңдікұловадан естідім. Тарихшы 1994 жылғы Америкаға барған сапарында ақсақалмен арнайы кездесіп, бастан кешкенін қағазға түсірген екен. Меңдікұлованың жазуынша, америкалық атанған отандасымыз Ақтөбе

облысы, Ырғыз ауданы, Жабасақ совхозының тумасы екен. Дүниеге 1919 жылғы 7 қарашада келіпті. Германияның КСРО-ға басып кіруінен үш ай бұрын Украинаға әскерге шақырылып, Житомир қаласының маңындағы бөлімшеде болған. Соғыс басталғанда бірнеше рет қоршауда болып, кейіннен Харьков қаласының маңында неміс тұтқынына түскен. Кеңес әскерінің шабуылы күшейген соң, Мюнхенге жіберіп, қара жұмысқа салған. Сол жерден 1945 жылы одақтастар әскері құтқарып алыпты. Американың соғыс тұтқындарына арналған лагерінде біршама уақыт өткізіп, елге қайтуға дайындалып жатқанда, тұтқындарды елге алып бара жатқан пойыздың апатқа ұшырағаны туралы хабар келіп, жас Мұхтар елге қайтудан бас тартып, әскери комиссияға түрікпін деп, Түркияға жіберілген. Сол елде үйленіп, балалы-шағалы болып, 1964 жылы АҚШ-қа қоныс аударған. Мұхтар ақсақал осы жолмен өткен жалғыз қазақ емес екен. Тарихшының дерегіне сенсек, 60-жылдары Америкаға неміс тұтқынында болған 13 қазақ отбасымен көшіп барған. Ғалымның топшылауынша, олар атақты Түркістан легионының мүшесі болуы ықтимал. Бірақ өздері оны мойындай қоймапты.

Мұхтар Қарабайдың өмірімен танысу дүние танымымды төңкеріп жіберді. Ұжымдастыру мен ашаршылық болмаса көрші елге баруы екіталай қазақтың мұхит асып, Американы мұншалықты ерте ашқанын елестету қиын еді. Оның үстіне, атамның соғыстан қайтпаған екі бауыры да осылай тірі қалмады ма екен деген бір сәттік үміт оянды. Мұхтар ақсақалды көрсем, атамның бауырларын көретіндеймін. Өкінішке қарай, бұл мүмкін емес еді. Ақсақал 2007 жылы қайтыс болған. Онымен тағдырлас өзге отандастарымыз да дүниеде озған екен. Сөйтіп әттеген-айлап жүргенімде әңгіме жазуды үйреткен ұстазым Майкл Шапиро: «Адамды тану үшін өзімен тілдесу шарт емес, оның көзін көргендердің куәлігі де құнды», деген еді. Осы сөз қанат бітіріп, журналистік зерттеуімді бастап кеттім.

Таңдаудың Мұхтар Қарабайдың отбасына түсуі бекер емес еді. Тарихшы Меңдіқұлованың жазуынша, әлгі 13 отбасының ішінде қазақылыққа мейлінше жақын болғаны да осы Мұхтар ақсақалдың отбасы еді. Шетте жүрген соң, қазақ қызға үйленудің реті бола қоймаған сыңайлы. Мысалы, Күнтуған Байзелбек дейтін өзге бір отандасымыз неміске үйленген екен. Мұхтар Қарабайдың жары Рәбия да қазақ емес еді. Бірақ ол тілі мен дәстүрі қазақтікіне ұқсас Қырым татары болатын. Тарихшы еңбегінде Рәбияның да, оның Мұхтар ақсақалдан тапқан балаларының да қазақ тілін жақсы білетінін жазған екен.

Рәбия әжеймен жүздесіп тұрмыз, қазақ тілін білмеймін деп тұр, бұл қалай болғаны, ұмытып қалды ма екен, әлде тарихшы әсіреледі ме деп абдырап тұрғанымда, менімен бірге ере барған Талғат дейтін жігіт түрік досы бар екенін, қоңырау шалып аудармашы болуын сұрай алатынын айтты. Талғат әлгі түрікке телефон арқылы жағдайды түсіндіріп жатқанда, Рәбия әжей күтпеген жерден қазақша сөйлей бастады. Түрікше-татарша акцентпен айтылған сөздердің қазақтыкі екенін басында аңғармай да қалыппыз. Дегенмен мұқият тыңдасаң, ойын жап-жақсы жеткізіп тұр.

– Қазақ тілін жақсы білмеймін, ұмытыңқырап қалдым. Мұхтар ағаң барда келгендеріңізде ғой, – деді ол.

Қорқынышы басылып, күдігі сейілген Рәбия әжей есікті ашып сыртқа шықты да, есік алдындағы орындыққа жайғасып, әңгімесін бастады. Айтуынша, 1932 жылы Қырымдағы Одесса қаласында туыпты. Үш жасында Түркияға көшіп, Эскишехир қаласында бой жеткен. Мұхтар ақсақалмен сол жерде танысып, 1951 жылы екеуі шаңырақ көтерген.

– Ағаларың Эскишехирге келіп, құда түсіп алды, – деді әжей күлімсіреп.

Төрт бала туыпты: үшеуі ұл, біреуі қыз. Тұңғышы Мұстафа екі айлығында қайтыс болған екен. Мұхтар ақсақал Эскишехирдегі ұшақ шығаратын зауытта жұмыс істепті. Күнкөріс қиын болған соң, Америкаға көшуді ойластырыпты.

– Ағаларың өзі жұмыс істейтін зауыттан бір Қырым татарын тауып, сол біздің Америкаға келуімізге көмектесті, – деді Рәбия әжей. – Оған 1200 доллар бердік. Ол кезде үлкен ақша.

Меңдікұлованың жазуынша, 60-жылдары Түркиядағы әскери төңкерістердің, саяси және экономикалық тұрақсыздықтың әсерінен және АҚШ пен Канада секілді елдерде шетелдік жұмысшылардың құқықтарын қорғауға арналған заңдардың қабылдануынан көптеген түркиялық мұхит асыпты.

– Мұнда келгенде көп қиындық болды, – деді әжей. – Спик инглиш жоқ. Инглиш білмесеңіз, жұмыс бермейміз, деді. Балалар кішкентай, не жұмыс тапсақ, соны істедік.

Бүгінде Рәбия әжей үлкен ұлы Алтайдың қолында екен. Біз барған үй соныкі. Одан кейінгі ұлы Қадыр қаланың ең қымбат ауданы Манхэттенде тұрады. Өзінің ірі компаниясы бар.

– Қыздың аты Гүлзаде. Күйеуім қарындасының атын берген, – деді әжей. – Ең кенжесі, кенже болса да, 59 жаста.

Қазақстандағы саяси жағдайлардан хабардар екен.

– Назарбаев кетіпті ғой? - деді әжей.

– Иә, үш айға жуық уақыт болды. Бүгін сайлау болып жатыр елде. Америкадағы қазақтар да дауыс беріп жатыр. Консулдықтан келе жатырмыз.

– Жаңа басшы кім?

– Әлі соңғы нәтиже шықпады, Тоқаев болатын шығар.

– Қалай? Халық қолдап жатыр ма?

Елдегі жағдайды, қай өңірдің тумасы екенімізді сұрап барып, елдегі жағдай туралы ойын айтты.

Сәлден соң әжей бізді үйге шайға шақырды. Жалғыз өзі екен, әуреге салмайық деп бас тарттық.

– Қазақтар қонақжай халық. Үйге келгенді құр қол жібермеген, шай ішкендеріңізде болар еді, – деген әжей үй ішінен екі бөтелке шырын алып шықты. – Құр қол кеткендеріңіз ұят болады.

Рәбия әжеймен қоштасып, қуанышым қойнымай сыймаған күйі үйге келдім. Ноутбугымды ашып, поштамды тексерсем, әжейдің екінші ұлы Қадыр Қарабайдан хат келіпті. Жазу сарыны оның ашулы екенін аңғартты.

«Әкемнің өміріне қызығушылық танытқаныңызға рахмет, бірақ Гүлнәрдан естігеніңізге қосатын ештеңе жоқ. Әкем 12 жыл бұрын қайтыс болды және өзінің оқиғаларын жариялауға қызықпады... Мен сіздің анама, немере ініме және үйімдегі күзетке қалдырған барлық сәлемдемеңізді алдым. Біз әкемнің оқиғаларын қайталап айтып беруге мүдделі емеспіз...», деп жазыпты ағылшын тілінде.

Бұл оның жазған хаттарыма, шалған қоңырауларыма және жіберген смс-хабарламаларыма алғашқы үн қатуы еді. Шамасы, анасының үйіне ескертусіз барып, әңгімеге тартуым ерсі көрініп, жауап қатпасқа шарасы болмаған көрінеді.

Негізінде, Рәбия әжейден гөрі осы Қадырмен жолығу мақсат еді. Қанша дегенмен жастау, естеліктері де тың болар деген ой болды. «Тергеу журналистикасы» сабағында меңгерген машықтарды пайдаланып, телефоны мен электронды поштасын оңай таптым. Бірақ нәтиже болмады: телефонды көтермеді, хатты жауапсыз қалдырды. Әлеуметтік желіде аккаунты бар екен, бірақ белсенді емес. Немере інісінің онлайн отырғанын көріп, оған жаздым, оқыды да, үнсіз қалды. Бір айдан соң елге қайтуым керек, одан кейін Америкаға жол түсе ме, жоқ па белгісіз. Қайткен де жолығу қажет. Не керек тәуекелге бел будым. Үйіне баратын болдым.

Сол күні Рәбия әжейге бармас бұрын Қадырдың үйіне соққан едік. Қаланың әлемге әйгілі Манхэттен ауданындағы көп қабатты үйде тұрады екен. Бірінші қабатта отыратын күзетшіге мән-жайды түсіндіргенімізде, көзімізше Қадырдың пәтеріне қоңырау шалды. Өзімен сөйлесіп тұрғанын байқадық. Тұтқаның арғы жағындағы кісінің айтқанына тоқтаусыз бас изеп тұрып, көз қырымен бізге қарады. Бір нәрсенің дұрыс емес екенін ұға бастадық. Тұтқаны қойып, «Ол кісі қазір бос емес екен, телефон нөмірлеріңізді қалдырсаңыздар, өзі хабарласады», деді.

Алдын ала келіспей үйіне барғанымыз ыңғайсыздау еді, сірә. Алайда америкалық журналистер үшін бұл үйреншікті тәжірибе.

– Ең тиімді әдіс – есік қағу, – деді бірде журналистикалық тергеуді үйреткен ұстазымыз. – Хатты елеусіз қалдыру оңай, телефонды тастай салуға болады. Жүзбе-жүз кездесудің реті бөлек. Сұхбат беруге келісе қоймаса да, тым құрығанда кейіпкеріңіздің сұрағыңызға деген реакциясын көресіз.

Қазақы ұяндықты бір сәт ұмытып, америкалық болуға тура келді. Дегенмен, үйінің алдына барып тұрып кездесе алмағанымызға аздап қынжылып қалдық. Телефонды күзетшіге қалдырдық-ақ, бірақ Қадырдың хабарласатыныны күмәнді еді. Соңғы амал Мұхтар ақсақалдың үлкен ұлы Алтайдың үйіне бару еді.

Қадырдың ашулы хатына бір күн өтіп көлемді жауап жаздым. Кім екенімді білмей күдіктенген болар деп, өзім туралы бүкіл ақпаратты: қайда туып, қайда өскенімді, Америкада не істеп жүргенімді, отбасылық жағдайымды және қай жерге тоқтағанымды тізіп шықтым. Соңында Мұхтар

ақсақалдың өмірі бір адамның емес, бүтін бір ұлттың тарихы екенін жаздым. Келесі күні жауап келді.

«...Екі аптадан соң хабарласыңыз... Кездесудің реті бола ма, жоқ па сол кезде айтармын», – депті.

Шілденің бесі күні түске таман метроның 7-пойызына отырып, Манхэттен аралындағы Grand Central Terminal вокзалына тарттым. Бұл аралдың ең тығыз орналасқан орталық аудандарының бірі еді. Жарты сағатта жеттім. Температура 30 градус шамасында, қапырық, кептеліс, құжынаған адам, көше тағамының иісі. Көшенің арғы бетінен өтіп, Pershing Square кафесіне кірдім. Қадырмен кездесу сағат 14:00 уақытына белгіленген еді.

Уағдаласқан уақытта келді. Үстелге жайғасып үлгерместен: «Мен сені КГБ-ның адамы деп ойладым. Біз туралы туралы бәрін білесің ғой?», деді. Қай ақпаратты қайдан алғанымды түсіндіріп жатсам, «Американың сонысы жаман, жеке адам туралы тым көп ақпарат береді, қауіпті», деді.

Құр алақан келмепті, қолында бір бума естелік суреттер. Әр-қайсысының тарихын айтып берді. Жарты сағат деп жоспарланған кездесуіміз екі жарым сағатқа созылды.

Меңдікұлованың жазғаны ғылыми еңбек болған соң, ол жерде Мұхтар ақсақалдың өмірі фактілер негізінде хронологиялық тәртіппен қысқа әрі нұсқа сипатталған. Кешкен қилы өміріне көркемдік келбет беретін детальдар аз еді. Қадыр ненің керегін сезгендей, әкесі айтқан әңгімелер мен өзі көрген жағдайларды әдемілеп баяндауға көшті.

Дархан ӨМІРБЕК
(Жалғасы бар)